

Орта медицина қызметкерлерін даярлау және қайта даярлау жөніндегі республикалық колледж құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 сәуір N 394

1996-1998 жылдарда реформаны тереңдету жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасына сәйкес, медицина оқу орындарының оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Таратылатын Республикалық медицина училищесі мен Республикалық орта медицина қызметкерлерінің жетілдіру училищесінің негізінде Республикалық медицина колледжін құру, оған орта медицина қызметкерлерінің дипломға дейінгі және кейінгі даярлығын жүзеге асыруды шектеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қаржы министрлігі Орта медицина қызметкерлерін даярлау және қайта даярлау жөніндегі республикалық колледжді ұстауға жыл сайын қаржы бөлуді қарастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі